

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 19 желтоқсан N 1804. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.12.27. N 1661 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес, осы аппарат қызметкерлерінің шекті саны негізінде 82 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне төрағаның 5 орынбасарын, оның ішінде бір бірінші орынбасарын және төрағаның бір орынбасарын - мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі Ақмола аумақтық комитетінің төрағасын, сондай-ақ саны 11 адамдық алқа ұстауына рұқсат етілсін. <*>

Ескерту. 2-ші тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМҚ-нің 1996.02.08.

N 184 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің орталық аппараты үшін 5 қызметтің жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 19 мамырдағы N 716 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 18, 204-бап);

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу және күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 11 шілдедегі N 948 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі шешіміне енгізілген өзгертулер мен толықтырулардың 8-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 24, 271-бап);

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 19 мамырдағы N 716 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 7 желтоқсандағы N 1677 қаулысындағы 1-тармағының үшінші және төртінші абзацының күші

жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1995 жылғы
19 желтоқсандағы
N 1804 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті
басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық
аппаратының құрылымы мен саны

Басшылық

Мемлекет қатысатын шаруашылық серіктестіктері мен акционерлік
қоғамдар бас басқармасы

Базалық салалар бас басқармасы

Әлеуметтік сала, жылжымайтын мүлік пен талдама бас басқармасы

Қаржы-есеп бөлімі

Заң бөлімі

Ұйымды-кадр жұмысы және баспасөз қызметі бөлімі

Әкімшілік-шаруашылық бөлімі